

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті - Қазақстан Республикасының ірі көпсалалы университеті, өңір-

## БІЛІМ БЕРУДЕГІ БАСТЫ БАҒЫТ - МАМАННЫҢ КӘСІБИ ДАҒДЫЛАРЫН ЖЕТІЛДІРУ



дің ғылыми-білім беру, зияткерлік, мәдени орталығы. Университетте аймақ, республика және әлемдік кеңістік экономикасының, ғылымы мен мәдениетінің барлық секторлары үшін мамандар даярланады. Auezov University республиканың жоғары білім беру саласындағы ең жарқын брендтерінің бірі болып табылады және өз қызметін ғылым мен білім беру саласындағы мемлекеттік саясат, инновациялық және жастар саясаты қағидаттарына сәйкес, жоғары білім беруді дамытудың екпінді өзгеріп отыратын жаһандық трендтерін ескере отырып жүзеге асырады.

Университетіміздің стратегиялық жоспарына сай онлайн-офлайн білім беруді жетілдіру болып табылады. Интернеттегі білім - бұл жоғары білім саласындағы ең үлкен жаңалық. Университеттегі академиялық ұтқырлық ішкі жазғы, қысқы мектептер, халықаралық тағылымдамалар және практикадан өту арқылы жүзеге асырылады. Онлайн білім

беруді жандандыру мақсатында және академиялық ұтқырлық аясында 17.01.-28.01.2022 жылы «Басқару және бизнес» жоғары мектебінің «Есеп және аудит» кафедрасының ұйымдастыруымен Auezov university» қысқы университет «Маманның кәсіби дағдылары: табыстылықтың кілті-2022» атты халықаралық қысқы онлайн мектеп жұмысын жүргізді. Халықаралық қысқы онлайн мектепте М.Ломоносов атындағы ММУ (Ресей), Жоғары - Силез экономикалық университеті (Польша), Украина мемлекеттік химия-технологиялық университеті (Украина), Қырғыз-Ресей Славян университеті (Қырғызстан), Ташкент Мемлекеттік экономикалық университетінің (Өзбекстан) ғалымдары баяндама жасады. Қысқы мектептің тыңдаушылар үшін ең қызықты тұсының бірі сертификатталған практик-бухгалтерлер мастер классстар өткізуіне болды. «Бухгалтерская компания «Актив» ЖК директоры кәсіби маман, практик бухгал-

тер Сейдулла Айгүл «Жеке кәсіпкердің 7 түрлі салық режимін талдау» тақырыбында, кәсіби бухгалтерлер Альянсының директоры Ожанова Жанар «Финансовая отчетность – ключевой компонент финансового состояния» тақырыбында баяндама жасады. Практик маман, Өскенбай Ақмарал Зұлыпбекқызы - «Бухгалтер» ЖШС директоры (Алматы қ., Қазақстан) «Инвентаризация в системе ИС: бухгалтерия» тақырыбында мастер класс өткізді,

«UBS Consalt» консалтингтік компаниясының директоры Темирбек Ұ. семинар өткізді.

Халықаралық қысқы онлайн мектептің бағдарламасына қызығушылық танытты, тыңдаушылар Қазақстанның жетекші ЖОО Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Гумильев атындағы ЕҰУ, Тұран-Астана университеті, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университеті, С. Байшев атындағы Ақтөбе университеті, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінен ғалымдар мен магистранттар, студенттер қатысты.

Халықаралық қысқы онлайн мектеп қатысушыларына салтанатты түрде сертификат тапсырылды.

**М.Әуезов атындағы  
Оңтүстік Қазақстан  
университеті,  
«Басқару және бизнес»  
ЖМ, «Есеп және аудит»  
кафедрасының ұжымы**